ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 09 тамыз іс № 5501-24-00-2/2108 Павлодар қаласы

Павлодар облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С. Сләм, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібі бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Павлодар облысы білім беру басқармасының «Павлодар технологиялық колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын

ЖАУАПКЕР:
Сарсенбаева Тазагул «Сарсенбаева Тазагул» жеке кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы.
Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы.

ҚАРАР БӨЛІМІ:
АПК-нің 109, 267-2, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШТІ:

Павлодар облысы білім беру басқармасының «Павлодар технологиялық колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының Сарсенбаева Тазагул «Сарсенбаева Тазагул» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы арызы қанағаттандырылсын.

Сарсенбаева Тазагул «Сарсенбаева Тазагул» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Сарсенбаева Тазагул «Сарсенбаева Тазагул» жеке кәсіпкерінен Павлодар облысы білім беру басқармасының «Павлодар технологиялық колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 1069 (бір мың алпыс тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы және 33 (отыз үш) тенге мемлекеттік баж өндірілсін.

Сарсенбаева Тазагул «Сарсенбаева Тазагул» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне төлем шығыстары бойынша мемлекеттік баж 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған сот шешіміне, шешімнің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сотқа, шешімнің күшін жою туралы талап арызбен жүгінуге құқылы. Талап арыз сотқа, егер жауапкер талап арыздың сотқа келіп түскені мен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы жеткілікті дәрежеде хабарланбаған және талап арызға өз пікірін білдіре алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы беріледі.

Судья **А. Сләм**

Құжатқа қол қойылған: Сләм А. С., 09.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 16.09.2024, судья Сләм А. С., 17.09.2024

5501-24-3-1/2307